

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамының электр энергиясын беру қызметтері бойынша бекітілген тарифтік сметаның, инвестициялық бағдарламаның орындалуы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы, сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша есебі

1. Кәсіпорынның сипаттамасы

Кәсіпорын пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10121,2 шақырымды құрайды, қосалқы станциялардың саны – 1 867 дана, электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 68% жетті. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл болса, алайда нақты пайдалану мерзімі 30-50 жылды құрап отыр.

2. Негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Жедел деректер бойынша 2022 жылдың 1-жартыжылдығындағы жалпы табыс 2554 млн.теңгені, жалпы шығын 3378 млн. теңгені құрады. Қорытынды шығын 824 млн. теңгені құрады.

30.06.2022 жылға дебиторлық қарыз 949 млн. теңге. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар негізгі дебиторлар болып саналады, олардың қарыздары- 830 млн. теңге.

Кредиторлық қарыз - 1456 млн. теңге, оның ішінде электр энергиясы үшін 804 млн.теңге, материалдар мен қызметтер үшін 652 млн. теңге.

3. Инвестициялық бағдарламаның орындалуы

Уәкілетті органмен бекітілген 2022 жылға арналған инвестициялық бағдарлама 346 млн.теңге, оның ішінде:

1) Қызылорда қаласында 34,5 шақырым 0,4 кВ электр желісін қайта жаңғырту үшін - 191 млн. теңге;

2)Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қосу жұмыстарына - 155 млн.теңге қарастырылған.

Қаржыландыру көзі – компанияның жеке қаражаты (амортизация есебінен) болып табылады.

Электр желілерін қайта жаңғырту жұмыстарына жоба сметалық құжаттама жасалып, сараптамадан өтті. Қазіргі уақытта, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы материалдар мен жабдықтарды сатып алу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Электр энергиясын есепке алу аспаптарын электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қосу бойынша мемлекеттік сатып алу порталы арқылы өтінім беріліп, материалдар компанияның орталық қоймасына жеткізілуде.

**2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша
бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы ақпарат
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы
Электр энергиясын беру қызметі**

№ п/п	Реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынудың жоспарлы және нақты көлемдері туралы ақпарат						Пайда мен шығындар туралы есеп *	Инвестициялық бағдарламаның сомасы)				
	Реттеліп көрсетілетін қызметтердің атауы және қызмет көрсетілетін аумақ	Іс-шаралар атауы	Өлшем бірлігі	Заттай көрсеткіштердегі саны		Инвестициялық бағдарлама шеңберінде қызмет ұсыну кезеңі		Жоспары	Факт	ауытқу	ауытқу себептері	
				план	факт							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	
1	Электр энергиясын беру. Қызмет көрсетілетін аумақ- Қызылорда облысы , аумағы 75 612 км2 .	0,4 кВ электр желілерін қайта жаңғырту Электр энергиясын есепке алу аспаптарын жаңғырту және электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесіне қосу	Шақырым дана	34,5 2434	-	2022 жыл	-824262	191015 154853				
Инвестициялық бағдарламаны қаржыландырудың нақты шарттары мен мөлшері туралы ақпарат, мың теңге		Инвестициялық бағдарламаны орындаудың нақты көрсеткіштерін инвестициялық бағдарламада бекітілген көрсеткіштермен салыстыру туралы ақпарат**						Қол жеткізілген нақты көрсеткіштер	Ұсынылатын реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігін арттыруды бағалау			

Меншікті қаражат		Қарыз қаражаты	Бюджеттік қаражат	Өндірістік көрсеткіштерді жақсарту, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Негізгі қорлардың (активтердің) тозуының (физикалық) төмендеуі, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша)		Ысыраптарды төмендету, %, бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		Бекітілген инвестициялық бағдарламаға байланысты іске асыру жылдары бойынша		дің бекітілген инвестициялық бағдарламада көрсеткіштерден ауытқу себептерін түсіндіру	
Амортизация	пайда			өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі	жоспар	факт	өткен жылдың фактісі	ағымдағы жылдың фактісі		
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
345868	0	0	0	0	0	69	68	14,65	14,65	115	108		<p>Электр энергиясын берудің нақты көлемдері 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 502 773 мың кВт*сағ. құрады. Бұл 2021 жылдың 1-жартыжылдығының көлемінен (498 223 мың кВт.сағ)4 550 мың кВт*сағ. немесе 1% өсіп отыр.</p> <p>Электр энергиясы транзитінің ұлғаюы қосымша энергия объектілерін және жаңадан қосылған электр энергиясы тұтынушыларын енгізу есебінен.</p> <p>Электр желілері мен қосалқы станциялардың тозуы 68% құрайды. Олардың нормативтік пайдалану мерзімі 20-25 жыл, алайда, нақты пайдалану мерзімі 30-50 жылды құрап отыр.</p> <p>2022 жылдың 1-жартыжылдығында электр энергиясының нормативтік техникалық ысырабы 85 565 мың кВт*сағ. немесе 14,65%-ды құрады.</p>

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің көлемі

2022 жылға арналған тарифтік сметада бекітілген транзит көлемі 1018 млн. кВт*сағат, 2022 жылғы 1-жартыжылдығына транзиттің нақты көлемі 502 млн.кВт*сағатты құрап, 2021 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 5 млн.кВт*сағатқа немесе 1% өсті.

5. Бекітілген тарифтік сметаның баптары бойынша орындалуы

Бекітілген тарифте, материалдық шығындардың үлес салмағы 5%, жөндеу жұмыстарына шығындары 6%, еңбекке ақы төлеу шығындары 27%, негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің (НМА) амортизациялық аударымдары 17%, салықтар 2%, өндірістік қажеттілікке қатысты өзге ұйымдар қызметтері 2%, нормативтік ысыраптардың өтелуіне электр энергиясын сатып алу шығындары 35%, Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша сыйақылары төлеу шығындары 6% құрайды.

Тарифте пайда қарастырылмаған.

Электр энергиясы транзитінен жылдық жоспар бойынша 4983 млн.теңге болса, 1-жартыжылдықта түскен кіріс 2418 млн.теңгені немесе 49% құрады. 2022 жылдың 1 қаңтарынан -31 шілдесі аралығында 4,81 теңге уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты компания 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 42 млн.теңге көлеміндегі табысты ала алмады.

2022 жылғы бекітілген тарифтік сметада шығындар 5,285 теңге тарифі бойынша есептелген.

Жоспар бойынша барлық шығындар 5382 млн.теңге болса, 1-жартыжылдықта 3152 млн.теңгені құрады. Нәтижесінде, тарифтік смета бойынша 734 млн.теңге шығын пайда болды.

Тарифтік смета баптарының көрсеткіштері Уәкілетті органмен бір жылға есептелініп бекітілген.

2022 жылға бекітілген 254 млн.теңгеге 682 шақырым электр желісі аумағында күрделі жөндеу жұмыстары және 44 млн.теңгеге 434 шақырым электр желісі аумағында ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілуде. 2022 жылдың 1-жартыжылдығында материалдарды сатып алу, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары 65% орындалды.

Негізгі қызмет бойынша шығынға: нақты амортизацияның ұлғаюы, электр энергиясы көздерінің бағасының өсуіне байланысты нормативтік ысыраптарды сатып алу шығыстарының және орташа айлық жалақының өсуіне байланысты еңбекақы төлеуге арналған шығындардың ұлғаюы және апаттарды уақытылы жою, ақаусыз және сапалы қызмет көрсету мақсатында өндірістік сипаттағы шығындардың артуы (пайдалану материалдары, қосалқы бөлшектер, арнайы киім, ГСМ, қызметтер және т.б.) әсер етіп отыр.

Табиғи монополиялар
субъектілерінің қызметін
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
2-нысан

**2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша
бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы ақпарат**
«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы
Электр энергиясын беру қызметі

р/с	Тарифтік смета көрсеткіштерінің атауы	Өлшем бірлігі	Бекітілген тарифтік сметада көзделгені	Тарифтік сметаның нақты қалыптасқан көрсеткіштері	Ауытқу, %	Ауытқу себептері
1	2	3	4	5	6	7
1.	Материалдық шығындар	млн.тенге	273	104	(62)	
2.	Еңбекке ақы төлеуге арналған шығындар	млн.тенге	1 456	850	(42)	
3.	Амортизация	млн.тенге	896	636	(29)	<i>Амортизация сомасы ЕҚҚЖДБ несиесі бойынша негізгі борышты өтеуге және инвестициялық бағдарламаға 346 млн.теңге сомасына арналған, нақты амортизация бекітілген мөлшерден айтарлықтай асып түседі</i>
4.	Жөндеу, барлығы	млн.тенге	298	117	(61)	<i>Тарифтік смета баптарының көрсеткіштері Уәкілетті органмен жылға бекітілген</i>
4.1	<i>Оның ішінде: ағымдағы жөндеу</i>	млн.тенге	44	24	(45)	
4.2	<i>күрделі жөндеу</i>	млн.тенге	254	93	(63)	
5.	Өндірістік сипаттағы бөгде ұйымдардың қызметтері, барлығы	млн.тенге	53	25	(53)	
6.	Жалпы және әкімшілік шығыстар, барлығы, оның ішінде	млн.тенге	206	121	(41)	
6.1.	Материалдық емес активтер амортизациясы	млн.тенге	1	0,4	(67)	

ҚЭТТК АҚ-ның 2021 жылғы 1-ші жартыжылдықтағы қызметі туралы есебі

6.2.	Салықтар	млн.тенге	126	72	(43)	
6.3	Басқа да шығындар	млн.тенге	79	49	(38)	
7.	Сыйақы төлеу шығындары	млн.тенге	344	205	(40)	
8.	Ысырап шығындарын өтеуге байланысты шығындар	млн.тенге	1 856	1 095	(41)	
9.	Көрсетілетін қызметтердің барлық шығыстары	млн. кВт*сағ	5 382	3 152	(41)	
10.	Табыс (шығын)	млн.тенге		(734)		<i>Нақты амортизация мен шығындар ұлғаюы есебінен шығыны</i>
11.	Барлық табыс	млн.тенге	5 382	2 418	(55)	<i>01.01.2022 жылдан 31.07.2022 жылға дейін уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі</i>
12.	Көрсетілетін қызметтердің (тауарлардың, жұмыстардың) көлемі	млн. кВт*сағ	1 018	503	(51)	
13.	Нормативтік техникалық ысыраптар	%	14,65	14,65		
		млн. кВт*сағ	148	86	(42)	
14.	Электр энергиясын беру қызметіне тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/ кВт*сағ	5,285	4,810		
	<i>Негізгі қарыздың резервтік шотының сомасын алып тастауды ескере отырып</i>	<i>млн.тенге</i>	399			
15.	Негізгі қарыздың резервтік шотының сомасын шегергендегі барлық табыстар	млн.тенге	4 983			
16.	Электр энергиясын беру қызметіне арналған тариф (ҚҚС-сыз)	тенге/кВт*сағ	4,893	4,810	(2)	<i>01.01.2022 жылдан 31.07.2022 жылға дейін уақытша өтемдік тарифтің енгізілуі</i>

6. Реттеліп көрсетілетін қызметтерді тұтынушылармен жүргізілетін жұмысы туралы

2022 жылы Қызылорда қаласының Арай, Титов және Қызылжарма шағын аудандарында 10/0,4 кВ әуе желілерін дамытуға облыстық бюджеттен 250 млн.тенге бөлініп, электр желілерін дамыту жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін, электр желісінің тозу деңгейі аталған аймақтарда 74%-дан 69%-ға, электр энергиясының шығыны 34%-дан 28%-ға төмендейді.

2022 жылы Қызылжарма, Титов, Гагарин, Сәулет шағын аудандарында көппәтерлі үйлер мен жеке тұрғын үйлер құрылысының дамуына, сондай-ақ Қызылорда қаласының оңтүстік өнеркәсіптік аймағында, Қызылорда қаласында заңды

тұтынушылардың өсуіне байланысты – «Силикатная», «Промышленная» және «Комсомол» 35/10 кВ қосалқы станцияларының күштік трансформаторларын және 35 кВ Ашық Тарату Құрылғыларын жаңғыртуға және дамытуға облыстық бюджеттен 549 млн. теңге қаражат қарастырылып, 3 дана күштік трансформатор, 4 дана элегазды ажыратқыштар жаңадан қойылу жоспарлануда.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясының ажыратулары тек ауа-райының қолайсыздығынан орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері мен жұмыс сенімділігі сақталған. 2022 жылдың 1-жартыжылдығында 2-дәрежелі істен шығулар 107 рет тіркеліп, 2021 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда 8 дерекке немесе 7%-ға азайған (115 жағдай).

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері нормативтік – техникалық талаптарға сай сақталған.

2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы

Электр энергиясын беру қызметі

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
3-Нысан

Рет. №	Тиімділік пен сапа көрсеткіші	2021 ж. 1-жартыжылдық фактісі (Есепті кезең алдындағы)	2022 ж. жоспар (норма)	2022 жылдың 1-жартыжылдығы фактісі (ағымдағы жыл)	Тиімділік пен сапа көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау	Тиімділік пен сапа көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
1	2	3	4	5	6	7
1	Жүйе жұмысындағы үзілістер жиілігінің орташа индексі (SAIFI)	0,874	3,5-тем астам емес	0,504	норма	жоқ
2	Жүйе жұмысындағы үзіліс ұзақтығының орташа индексі (SAIDI)	1,150	3,5-тем астам емес	0,764	норма	жоқ

3	Сервис орташа қолжетімлігінің индексі (CAIDI)	1,319	нормаланбайды	1,515	норма	жоқ
4	Тұтынушылар электрмен жабдықталуы үзілістері орташа жиілігінің индексі (CAIFI)	0,002	нормаланбайды	0,001	норма	жоқ
5	Тұтынушының үзілу индексіне үзілуі (CIP)	590,537	нормаланбайды	782,185	норма	жоқ
6	Жүйе жұмысындағы қысқа мерзімді үзілістер жиілігінің орташа индексі (MAIFI)	0,211	нормаланбайды	0,241	норма	жоқ
7	Тұтынушылар қоректендірілуі орташа ұзақтығының индексі (ASAI)	0,058	нормаланбайды	0,031	норма	жоқ

8. Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат

2022 жылдың 1-жартыжылдығының қорытындысы бойынша табиғи монополиялар субъектілері қызметінің тиімділігі көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы ақпарат
 «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы
 Электр энергиясын беру қызметі

Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына
 5-қосымша
 4-Нысан

№	Тиімділік көрсеткіші	2021 ж. 1-жартыжылдық фактісі (Есепті кезең алдындағы)	2022 жылға жоспар	2022 жылдың 1-жартыжылдығы фактісі (ағымдағы жыл)	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді бағалау, %	Тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізбеу себептері (негіздемесі)
---	----------------------	--	-------------------	---	--	---

1	2	3	4	5	6	7
1	Электр энергиясын беру, млн. кВт*сағат	498 223	1 018 387	502 774	1	Тиімділік көрсеткіштерінің ұлғаюы
	Электр энергиясын беру, млн теңге	2 408 002	4 982 881	2 418 339	0,4	
2	Электр энергиясы ысыраптары, млн. кВт*сағат	85 493	148 113	85 565	0,08	Тиімділік көрсеткіштерінің ұлғаюы
	Электр энергиясы ысыраптары, млн теңге	1 060 517	1 856 203	1 094 589	3	

2022 жылдың 1-жартыжылдығы бойынша электр энергиясы транзиті көлемі 503 млн.кВт*сағ. құрап, 2021 жылдың 1-жартыжылдығымен салыстырғанда (498 млн.кВт*сағ.) облыстағы тұрғын үй секторы ұлғаюы, кәсіпкерліктің жаңа нысандары қосылуы, тұтынушылар нарығы кеңеюі, Қызылорда облысының электрмен жабдықталуы дамуы есебінен 5 млн.кВт*сағ. немесе 1%-ға өскен. Электр энергиясы транзиті көлемінің ұлғаюына байланысты нормативті ысыраптардың көлемі сәйкесінше 0,072 млн.кВт*сағ. немесе 0,08%-ға өсті.

9. 2022 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары (оның ішінде электр энергиясын беру бойынша қызметтеріне тарифі өзгерген жағдайда)

Уәкілетті органмен 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 шілдеге дейін 4,810 теңге уақытша өтемдік тарифі бекітіліп, 2022 жылға бекітілген тарифтен 0,083 теңгеге немесе 1,7% төмендеген. 2022 жылдың 1 тамызынан 31 желтоқсанға дейін Уәкілетті органның бұйрығына сәйкес 4,893 теңге тарифі қолданылады.

2022 жылға арналған тарифтік сметада:

- электр энергиясы транзиті көлемі – 1 018 млн.кВт*сағат, нормативтік ысыраптар - 148 млн.кВт*сағат. немесе 14,65%;
- жөндеу жұмыстары - 298 млн.теңге (ағымдағы жөндеу - 44 млн. теңге; күрделі жөндеу - 254 млн.теңге). Орындалатын жұмыс көлемі - 127 дана қосалқы станциялар және 1 116 км. әуе желілері;
- инвестициялық бағдарламаның іс шараларына 346 млн. теңге, қаржыландыру көзі жеке қаражат есебінен;
- Еуропалық қайта құру және даму банкі несиесі бойынша міндеттемелер: негізгі қарыз 550 млн. теңге, несиелік сыйақылар төлеуге 344 млн. теңге.

2022 жылға бекітілген тарифтік сметада қарастырылған электр энергиясы көздерінің бағасының 2022 жылғы 01 шілдеден бастап өсуіне байланысты, электр энергия көздеріндегі:

- «Қызылорда жылу электр орталығы» мекемесінің тарифі 11,3 теңгеден 13,16 теңгеге дейін өсуі (1,86 теңгеге немесе 16,5%);
- «СКЗ-У» мекемесінің тарифі 7,87 теңгеден 8,2 теңгеге дейін өсуі (0,33 теңгеге немесе 4%);
- «Екібастұз ГРЭС-1» мекемесінің тарифі 5,8 теңгеден 7,48 теңгеге дейін өсуі (1,68 теңгеге немесе 29%);

- «Екібастұз ГРЭС-2 станциясы» мекемесінің тарифі 9,13 теңгеден 10,17 теңгеге дейін өсті (1,04 теңгеге немесе 11%).

Коммуналдық тарифтерді көтеруге мораторий мерзімінің аяқталуымен компания 2022 жылдың 25 шілдесінде Уәкілетті органға тарифті өзгертуге өтінім берді.

Жоба бойынша электр энергиясын беру қызметтерінің тарифі бекітілген 4,893 теңгеден 0,196 теңгеге немесе 4% өсіммен 5,089 теңгені құрайды.